

"Бірыңғай тіркелген салық ставкалары туралы" Шымкент қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 18/183-4с шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 46/328-5с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 сәуірде № 3165 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы № 28/241-6с шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 29.05.2018 № 28/241-6с (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы Заңының 1 бабының 3 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шымкент қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 18/183-4с "Бірыңғай тіркелген салық ставкалары туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-1-92 тіркелген, 2009 жылғы 10 сәуірде "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері туралы";

шешімнің 1 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, қызметін Шымкент қаласының аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері белгіленсін.";

Көрсетілген шешімнің қосымшасында "ставкалары", "ставкасы" деген сөздер тиісінше "мөлшерлемелері", "мөлшерлемесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК